

Диссертант Дусипова Айсана Сагинбаевнаның «Қазіргі қазақстандық жастар руханилығының қалыптасуын философиялық талдау: проблемалары мен перспективалары» тақырыбындағы 6D020100 – Философия мамандығы бойынша философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертациясына ғылыми кеңесшінің

ПІКІРІ

А.С. Дусипованың диссертациялық жұмыс тақырыбының өзектілігі бірнеше маңызды факторлардың болуымен негізделеді. Біріншіден, зерттеу жұмысы жастар өмірінің руханилық мәнін және ролін терең талдауға, дәстүрлі құндылықтарды сақтау бойынша бағдарламаларды дайындауға, бірігейлендіру үрдісінде жастардың өзін-өзі анықтауға, қазіргі әлемде орын алып жатқан әлеуметтік-мәдени өзгерістерге бейімделу тәсілдерін талдауға мүмкіндік береді, және тақырыптың құндылығын еселейді. Екіншіден, жастар ортасында шабыт пен өмірлік мәннің қайнар көздерін анықтауға, қажеттіліктер мен үміттерді ескеру арқылы тиімді даму стратегияларын ұсынуға, оны жүзеге асыруға әдістеме ретінде қолдануға болады. Мәселе рухани даму саласындағы мәселелер мен перспективаларды толық жүйелеу үшін жеткілікті зерттеулердің болмауында болып отыр. Білім беру жүйесі, отбасылық қатынастар, мемлекет тарапынан көрсетілетін әлеуметтік қолдау, білім беру мекемелері, бұқаралық мәдениет құралдары және діни дәстүрлер сияқты контекстік факторлардың болуы да маңызды рөл атқарады. Қазақстандағы жастар әртүрлі әлеуметтік, этникалық және мәдени әртүрлілікті құрайды. Олардың әрқайсысының өзіндік ерекшеліктері мен руханият туралы өзіндік түсінігі бар. Зерттеу барысында этномәдени әртүрлілікті, көрсетілген ерекшеліктерге сәйкес руханилықтың қалыптасуына әсерін ескеру қажеттілігі анықталады. Әлемдік жаһандану, ақпараттық технологиялар және өзара мәдениетаралық өзара әрекеттесу әрбір елдің алдында жаңа міндеттер мен мүмкіндіктерді тудырады. Жастардың руханилығының қалыптасуындағы мәселелерді зерттеу осы үрдіске әсер ететін әртүрлі факторларды талдайды.

Жұмыстың жоспарына сәйкес бірінші тарауда диссертант А.С.Дусипова «жастардың руханилығының қалыптасуындағы мәселелердің теориялық-әдістемелік негіздері» деген тарауда таңдалған тақырыптың ұғымдық негіздерін талқылаудан өткізеді. Зерттеу тәсілдері ретінде: әдіснама және дүниетаным мәселелеріне тоқталады.

Руханилық ұғымын диссертант талдай келіп, ол руханилықты, тұтас, жалпы, көпқырлы, синтездеуші құбылыс ретінде анықтайды. Бұл жағдайда руханилық адамға қатысты бірқатар ішкі бағынышты құрылымдар мен құбылыстардың жиынтығынан тұратын, көп деңгейлі құбылыс ретінде негіздейді.

Диссертациялық зерттеу жұмысын жалпыфилософиялық әдіс-тәсілдер мен ұстанымдар, интегралды дүниетаным, философиялық әдістер мен пәнаралық тәсілдер жиынтығы негізінде жүзеге асырады. Қазақстандық жастардың руханилығының қалыптасу мәселесін зерттеу жүйелік, герменевтикалық, салыстырмалы әдістерге негізделген. Осы әдістерге сүйене отырып, философия тарихындағы руханилық мәселесін теориялық тұрғыдан түсінудің нақты сипатын береді. Қазақ мәдениетіндегі руханилық мәселесін қарастыруда мәдени-тарихилық принцип, тұтастық принципі, компаративистикалық талдау әдісі қолданылды.

Руханилық құбылысының философиялық мәнін ашу кезінде жастар әлеуметтік тобындағы ерекшелік аспектісіне жақсы тоқталған. Рухани даму бірыңғай заңға бағынады, ол барлық адамдар үшін бірдей, бірақ адамның рухани бастауының дамуында, жас ерекшелігіне байланысты өз орны мен ерекше заңдылықтарын ашып көрсетеді: «Руханилық ересек және егделік, кәрілік жастағы адамдар негізінен өз білімі мен тәжірибесін басқалармен бөліскенде, ал жастық кезеңде болашақ құрылысында көрініс табады»- делінген.

«Қазақ мәдениетінің тарихындағы рухани құндылықтар» атты екінші тарауда қазақ мәдениетін, қазақ философиялық ой ауқымындағы рухани құндылықтарды, оның мәні және генезисі айқындалады.

Қазақ ойшылдарының этикалық ілімдері және өскелең ұрпақты тәрбиелеудегі қағидаттары маңызды рөл атқарды, дәстүрлі қазақ философиялық ойлардан қазіргі кезеңге дейін өскелең ұрпақты тәрбиелеу мәселелері ерекше орын алғаны жөніндегі тарихи шолу жүргізілген. Қазақ ойшылдары мен жазушыларының адамгершілік өсиеттеріне, дидактикалық нұсқауларына, көркем шығармаларына, өткеннің рухани тәжірибесіне жалпылама талдау жасалған, болашақ зерттеулерінде тереңірек қарастырады деген ойдамын.

Зерттеу барысында диссертант А.С. Дусипова қазақ философиясы – этикалық жоба ретінде қарастыра отырып, қазақ ойшылдары этикалық мәселелерді қарастырды, ал Батыс философтары онтология және гносеология мәселелерін аса маңызды орынға шығарды, екі өркениетке жататын мәдениеттердің арасындағы басты айырмашылықты атап көрсетеді. Екі өркениеттің құндылықтық әлеміндегі ерекшеліктерге назар аударған.

Тағы бір атап өтетін жағдай, жастардың уақыт шеңберіндегі құндылықтар жүйесінің ауысу мүмкіндігін әлемдік, отандық әлеуметтанулық зерттеулердің нәтижесі аясында жүргізген.

«Қазіргі қазақстандағы рухани құндылықтар: жаһандық жаңғыру беталысы және дәстүршілдік ұстанымдар» атты үшінші бөлім заманауи кезеңнің әлеуметтік-философиялық мәселелерін қамтиды.

Қазіргі әлемдегі жаһандану, вестернизация, интервенция, американизация, либерализм үрдістерін қарастыра отырып, қазіргі қазақстандық жастардың рухани құндылықтары оның жаңа рухани қажеттіліктері мен сұраныстарымен айқындайды. Қазақстандық жастар арасындағы басты мәселелердің бірі – жаңа сұраныстар әрқашан жоғары

адами құндылықтарға жауап бере алмауы мүмкін деп көрсетеді. «Дәстүр – модернизация» немесе «ескі – жаңа» дилеммасы ескі де, жаңа да тек жағымсыз қырлары ғана болмайтынын түсінумен шешілетінін, позитивті құндылықтар екі тараптың мазмұнында да бар екенін ескере отырып, мәселе ескіні жаңамен алмастыру емес, екі жақтың да позитивті қырларын органикалық түрде біріктіру екенін алға тартады.

Қазақстандық қоғамның рухани бірлігін қалыптастырудағы құндылықтар сабақтастығының перспективаларын қарастыруда отбасы, мектеп, білім бері жүйесі, мәдениет мекемелері жастармен жұмыс жасаудағы негізгі әлеуметтік- институт ретінде рухани-адамгершілік гуманистік әлеуетіне сүйене отырып, тұлғаның рухани, адамгершілік, эстетикалық құндылықтарын қалыптастыруда маңызды рөл атқаратынын баса айтады. Әлеуметтік тұрғыда отбасылық дәстүрлер мен мектептер өздерінің тәрбиелік бағдарламаларын, адами жақсы қасиеттерді аға буыннан жас ұрпаққа қалдырудың арнасы ретінде әрекет етуге қабілетті және міндетті.

Шындығында автордың жұмысты қорытындысында келтіргендей руханилықты, жан-жақты және синтездейтін анықтама ретінде тұтас түсіну қажет. Бұл жағдайда руханият көп деңгейлі құбылыс ретінде пайда болады, ол бірқатар ішкі бағынышты құрылымдар мен құбылыстарға ие, оларды тек жиынтық түрде адам руханияты деп атауға болады. Міне осы бағдарды руханилықтың философиялық сипаттамасын беруде диссертант қолдануға талаптанды және ол өзінің белгілі бір нәтижелерін берді.

Рухани даму бірыңғай заңға бағынады, ол барлық адамдар үшін бірдей. Сонымен қатар, адамның рухани бастауының дамуында, жас ерекшелігіне байланысты ерекше заңдылықтар мен орны бар. Егер ересек және кәрілік жастағы адам негізінен өз білімі мен тәжірибесін басқаларға бере отырып, руханиятты жүзеге асырады, ал жастық кезеңде руханият болашақты құруда көбірек көрінеді.

Қазақстандық жастар нақты әлеуметтік мәртебе тұрғысынан сан алуан құбылыс ретінде қарастырылады. Әлеуметтік жетілудің үш жас кезеңі бірден жастар санатына жатады: балалық шақ, жастық шақ (немесе ерте жастық шақ), жастықтың жетілуі. Осы кезеңдердің әрқайсысының өзіндік ерекшеліктері бар, бұл топтардың барлығына ортақ маңызды белгілермен біріктірілген жастарды білдіретінін, әрбір жастық кезеңнің өзіне тән рухани даму құрылымы, жүйесі бар екенін көрсетуге тырысқан.

Қазақ философиялық ой ауқымындағы этикалық ілімнің жастар бойындағы руханилықты қалыптастырудағы орны мен рөлін ашып, қазіргі жаһандану кезеңіндегі агрессивті немесе бәсекелестік тудыратын талапқа жауап ретінде дәстүрлі мәдениетті басты шешуші күш ретінде падалануға болатын жеткізді. Менің ойымша зерттеу жұмысы өзінің табысты нәтижесіне жете алды деп санаймын.

А.С. Дусипова диссертация тақырыбы бойынша халықаралық нөлдік емес Импакт-фактормен индекстелген Scopus журналдар базасына кіретін басылымда 1 мақала және ҚР БҒМ ғылым мен білім беру саласын бақылау

жөніндегі Комитет ұсынған журналда мақала, шетелдік, халықаралық конференциялар жинағында мақала жариялады.

«Қазіргі қазақстандық жастар руханилығының қалыптасуын философиялық талдау: проблемалары мен перспективалары» тақырыбындағы диссертациялық зерттеу жоғары ғылыми-теориялық деңгейде және диссертациялық жұмыстарға қойылатын талаптарға сәйкес орындалған, А.С. Дусипованың ғылыми-зерттеу жұмысын қорғауға ұсынамын және қолдаймын.

Ғылыми кеңесші,

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,
Философия және саясаттану факультеті,
философия кафедрасының
қауымдастырылған профессоры,
философия ғылымдарының кандидаты

А.Х. Рамазанова

21 қаңтар, 2025 ж.

РАСТАЙМЫН
әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Ғылыми кадрларды
даярлау және аттестаттау басқармасының басшысы
ЗАВЕРЯЮ

Начальник управления подготовки и аттестации
научных кадров КазҰУ им. аль-Фараби

«14» 01 2025 ж.г.

